TP-Link TL-WR840N роутерін баптау нұсқауы

1. Роутердің интерфейсіне кіру:

Баптау үшін Mozilla Firefox немесе Google Chrome браузері қажет. Браузердің мекенжай жолында 1**92.168.1.1** мекенжайын жазыңыз. Құрылғы баптауларына қол жеткізу үшін, Қолданушы аты мен Кілт сөзді көрсетіңіз. Зауыттық логин мен кілт сөз — **admin** (admin кіші әріппен).



2. Интернетке қосылуды баптау:

- Ғаламтор желісіне қосылу параметрлерін баптау үшін, келесі бетке өтіңіз **Network > WAN.**
- Келесі байланыс режимін таңдаңыз — **L2TP.**
- Провайдер берген **логин** (001... немесе 099... деп басталады) **мен кілт сөзді жазыңыз**.
- Сервер мекенжайын көрсетіңіз — **l2tp.internet.beeline.kz**
- Connect. пернесін басыңыз (Егер сәтті қосылсаңыз, "**Connected**" деген жазу шығады).
- Баптауларды сақтаңыз → **Save.**



TP-Link TL-WR840N роутерін баптау нұсқауы

3. Кілт сөзді өзгерту
Құрылғының зауыттық баптауларына қосылуға арналған зауыттық кілт сөз бен қолданушының атын келесі бетте өзгертуге болады **System Tools > Password**.

Қазіргі қолданушыны (**Old User Name**) және қолданыстағы кілт сөзді (**Old Password**) көрсетіңіз. Өздігінен берілген қолданушы аты — admin, кілт сөз — admin.
Содан соң қолданушының жаңа атын (**New User Name**), жаңа кілт сөзді көрсетіп (**New Password**), жаңа кілт сөзді растаңыз. (**Confirm New Password**). Баптауларды сақтаңыз → **Save**.



4. Сымсыз желі параметрлерін баптау
Wireless > **Wireless Settings** парағында сымсыз желінің негізгі параметрлерін баптауға болады:
• **Wireless Network Name** — сымсыз желінің аты. Сіз көрсеткен атау, қосылған кездегі қол жетімді сымсыз желілер тізімінде көрініп тұрады.
• **Enable Wireless Router Radio:** сымсыз желінің қолдауын өшіріп қоюға мүмкіндік береді (сымсыз режимді өшіргіңіз келсе, белгіні алып тастаңыз).
• **Enable SSID Broadcast:** бұл параметрді өшіру арқылы, сымсыз желінің атын жасырып қоюға болады. Ондай желіге қосылған кезде, атауын қолдан жазу керек болады.



TP-Link TL-WR840N роутерін баптау нұсқауы

5. Сымсыз желінің қаупсіздігін баптау
Әдетте сымсыз желіге кілт сөзсіз қосылуға болады! Шифрлау үшін, келесі бетке өтіңіз **Wireless > Wireless Security.**

Егер ең жоғарғы қорғаныс режимін қамтамасыз еткіңзі келсе, **WPA2-Personal** қауіпсіздік режимін таңдаңыз.
PSK Password жолында желіге қосылатын кілт сөзді қою керек (кілт сөзде ең кемі 8 және ең көбі 64 таңба болуы керек).
Баптауларды сақтаңыз → **Save**. Осымен құрылғы баптаулары аяқталды!